

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚазҰУ ОҚЫТУШЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ОҚЫТУШЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

1.1 Әдетте оқыту үдерісіне инновациялық тәсілдерді үнемі енгізетін, ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, мемлекеттік және шет тілдерін білетін, ғылыми және академиялық дәрежелері бар (магистрлік дәрежеден төмен емес) жоғары білікті мамандар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары бола алады.

1.2 ҚазҰУ оқытушысының мәртебесі жинақтық тенюр жүйесі негізінде анықталады, оның негізгі талаптары мынадай:

- оқытудың және ғылыми зерттеулердің жоғары сапасы, бітіру жұмыстарына, магистрлік және PhD диссертацияларына ғылыми жетекшілік ету.

- республикалық және халықаралық дәрежедегі ғылыми журналдарда үнемі жариялану.

- іргелі, ғылыми-зерттеу, қолданбалы және басқа да жобалар мен гранттарды орындауға қатысу.

1.3 Университеттің оқытушысы – ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративті мәдениет Кодексін бұлжытпай орындайтын, университеттің миссиясын, саясатын, стратегиясын, мақсаттары мен міндеттерін қолдайтын әлеуметтік жауапкершілігі бар кәсіпқой маман.

2. ҚазҰУ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ

2.1 ҚазҰУ оқытушысы:

- Қазақ елінің және өзінің университетінің патриоты;
- өзінің қызметтік міндеттерін шығармашылықпен әрі адал орындайтын, кәсіби деңгейі озық тұлға;
- университетте моральдық ахуалды жасап, командалық, серіктестік рухты қолдайды;

2.2 ҚазҰУ оқытушысына тән қасиеттер:

- адалдық, зиялылық пен төзімділік;
- ҒЗЖ нәтижелерін жүзеге асырудағы биік ғылыми біліктілігі мен табандылығы;

- биік ұстаздық шеберлік;
- үнемі өзінің ғылыми әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін дамытуға деген ұмтылыс;
- салауатты өмір салты;
- объективтілік, дербес әрекетшілдік және мақсаттылық, өзара сынды қабылдау.

3. ОҚЫТУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Университеттің Жарғысы, корпоративті мәдениет кодексі, ішкі тәртіп ережелері және басқа да нормативтік актілердің талаптарын орындау.

3.2 Оқу және ғылыми-инновациялық үдерістерінің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ету.

3.3 Студенттердің бойында таңдап алған мамандығы бойынша жоғарғы кәсіби қасиеттерді, азаматтық көзқарасты, қазіргі өркениет жағдайында еңбек етіп, өмір сүруге қабілеттілігін қалыптастыру. Студенттердің бойында дербес әрекетшілдік, бастамашылдық, жасампаздық қасиеттерін дамытуға міндетті.

3.4 Өзінің кәсіби және мәдени деңгейін үнемі арттыру.

3.5 Авторлық бағдарламалар, әдістемелер, оқу құралдарын жасау, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану.

3.6 Шетелдік әріптестермен ғылыми қарым-қатынастарды дамытып, озық шетелдік тәжірибені барынша зерттеп, қолдану.

3.7 Университет аумағындағы тәртіпті сақтау, ҚазҰУ мүлкін дұрыс пайдалану.

3.8 Елімізде және шетелде ҚазҰУ-дың жағымды имиджінің жасалуына үлес қосу.

3.9 Университеттің зияткерлік меншігіне қатысты ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету.

3.10 Ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттерді, магистранттарды және докторанттарды тарту.

3.11 Кәсіптік бағдар жұмысына және студенттер контингентін қалыптастыруға белсенді араласу.

3.12 Университеттің оқу-тәрбие жұмыстарына белсенді қатысу.

3.13 Ғылыми-педагогикалық қызметі бойынша есеп беру талабын дер кезінде орындауы тиіс.

4. ОҚЫТУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

ҚазҰУ оқытушысы:

4.1 Университеттің және оның құрылымдық бөлімдерінің өкілдік басқару органдарын, сондай-ақ ҚазҰУ-дың қоғамдық ұйымдарының құрамын сайлауға және сайлануға құқылы;

4.2 Оқытудың ғылыми және жаңа технологиялардың қазіргі даму деңгейіне барабар білім беру мазмұнын қалыптастыруға құқылы;

4.3 Оқу-материалдық, әлеуметтік құрылым нысандарын, университеттің кітапханалық-ақпараттық қорын пайдалануға құқылы;

4.4 Университет дамуының өзекті мәселелерін шешуге қатысуға құқылы;

4.5 Адал еңбегі үшін материалдық және моральдық ынталандыруға, мемлекеттік наградаларға ұсынылуға және ҚазҰУ-дың бекітілген наградаларын алуға құқылы.

4.6 Кәсіби ассоциациялар мен қоғамдастықтарға қатысуға құқылы.

5 Ынталандыру және тәртіптік ықпал ету шаралары

5.1 Белсенді ғылыми-зерттеу және оқыту қызметі үшін, қоғамдық жұмысқа қатысқаны үшін моральдық және материалдық ынталандырудың әртүрлі формалары бекітілген.

5.2 Оқытушылардың этикалық тәртіп бұзушылықтары университеттің Тәртіптік кеңесінде және факультеттердегі Этика жөніндегі комиссияда талқыланады.

5.3 ҚазҰУ-дың Жарғысында, ҚазҰУ оқытушысының этика кодексінде көрсетілген ережелерді бұзғаны үшін тәртіптік ықпал шаралары (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан шығару) қолданылады.

ПОЛОЖЕНИЕ О ПРЕПОДАВАТЕЛЕ КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

1. СТАТУС ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

1.1 Преподавателями КазНУ им. аль-Фараби являются, как правило, высококвалифицированные специалисты с учеными и академическими степенями (не ниже магистерской степени), активно занимающиеся научной деятельностью, постоянно внедряющие инновационные методы в процесс обучения и владеющие государственным и иностранными языками.

1.2 Статус преподавателя КазНУ определяется на основе накопительной системы, основными требованиями которой являются:

- высокое качество преподавания и научных исследований, научное руководство выпускными работами, магистерскими и PhD диссертациями;

- постоянные публикации в рецензируемых и иных республиканских и международных научных журналах;

– выполнение фундаментальных, научно-исследовательских, прикладных и других проектов и грантов.

1.3 Преподаватель КазНУ – социально ответственный профессионал, активно поддерживающий миссию, политику, стратегию, цели и задачи университета, неукоснительно соблюдающий требования Кодекса корпоративной культуры преподавателя и сотрудника КазНУ имени аль-Фараби

2. ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ И ЛИЧНЫЕ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАТЕЛЯ КАЗНУ

2.1 Преподаватель КазНУ – это:

- патриот Казахстана и своего университета;
- пример добросовестного и творческого отношения к служебным обязанностям, образец высокого профессионализма;
- творец здорового морально-психологического климата в университете, носитель корпоративного духа.

2.2 Преподавателю КазНУ присущи:

- честность, интеллигентность и толерантность;
- научная компетентность и настойчивость в реализации результатов научно-исследовательской и опытно-конструкторской работы;
- высокое педагогическое мастерство;
- постоянное стремление к развитию своего творческого потенциала и повышению конкурентоспособности;
- здоровый образ жизни;
- объективность, самостоятельность, целеустремленность и самокритичность.

3. ОБЯЗАННОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

3.1 Выполнять требования Устава университета, Кодекса корпоративной культуры, правил внутреннего распорядка и других нормативных актов университета.

3.2 Обеспечивать высокую эффективность образовательного и научно-инновационного процесса.

3.3 Формировать профессиональные

качества студентов, четкую гражданскую позицию, потребность к труду в условиях современной цивилизации; развивать у студентов самостоятельность, инициативу, творческие способности.

3.4 Постоянно повышать свой профессиональный и культурный уровень.

3.5 Создавать авторские программы, методики, учебные пособия, применять инновационные технологии обучения.

3.6 Развивать научное сотрудничество с зарубежными коллегами, активно изучать и применять достижения мировой науки и техники.

3.7 Поддерживать порядок и дисциплину на территории университета, бережно относиться к имуществу КазНУ.

3.8 Содействовать созданию положительного имиджа КазНУ в стране и за рубежом.

3.9 Обеспечивать защиту конфиденциальной информации интеллектуальной собственности университета.

3.10 Активно привлекать к научно-исследовательской работе студентов, магистрантов и докторантов.

3.11 Принимать активное участие в профориентационной работе и формировании контингента студента.

3.12 Принимать активное участие в учебно-воспитательной деятельности университета.

3.13 Своевременно выполнять требования отчетности по научно-педагогической деятельности.

4. ПРАВА ПРЕПОДАВАТЕЛЯ

Преподаватель КазНУ имеет право:

4.1 Избирать и быть избранным в представительные органы управления университета и его структурные подразделения, а также в состав общественных организаций КазНУ.

4.2 Участвовать в формировании образовательного контента обучения, адекватного современному уровню развития науки и новых технологий.

4.3 Пользоваться объектами учебно-материальной и социальной инфраструктуры и библиотечно-информационным фондом университета.

4.4 Участвовать в решении актуальных вопросов развития университета.

4.5 Получать материальные и моральные поощрения за добросовестный труд и быть представленным к награждению государственными наградами и наградами, установленными в КазНУ.

4.6 Участвовать в профессиональных ассоциациях и сообществах.

5. МЕРЫ ПООЩРЕНИЯ И ДИСЦИПЛИНАРНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ

5.1 За активную научно-исследовательскую и преподавательскую работу, участие в общественной работе устанавливаются различные формы морального и материального поощрения.

5.2 Этические нарушения преподавателей выносятся на обсуждение Комиссий по этике на факультетах и Дисциплинарного совета университета.

5.3 За нарушение правил, предусмотренных Уставом и Кодексом корпоративной культуры преподавателя и сотрудника КазНУ,

могут быть приняты меры дисциплинарного воздействия (замечание, выговор, строгий выговор) вплоть до увольнения из университета.